

Директорлар кеңесінің
20.03.2025ж. № 0320/5 қаулысына
қосымша

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқармасының
17.02.2025ж. № 0217/6 хаттамасымен
мақұлданды

**«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ
ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ҚОЛДАНУ САЯСАТЫ**

2.2.-нұсқа

Алматы, 2025

Мазмұны

1-бөлім. Кіріспе	Ошибка! Закладка не определена.
1.1-тарау. Жалпы ережелер	Ошибка! Закладка не определена.
2-тарау. Құжаттың атауы мен атрибуттары	Ошибка! Закладка не определена.
1.3-тарау. Ашық кілттер инфрақұрылымының қатысушылары.....	Ошибка! Закладка не определена.
1.3.1. Сертификаттау орталығы	Ошибка! Закладка не определена.
1.3.2. Тіркеу орталығы	Ошибка! Закладка не определена.
1.3.3. Тіркеу куәлігінің иесі.....	Ошибка! Закладка не определена.
1.3.4. Сенім білдіруші тарап.....	Ошибка! Закладка не определена.
1.4-тарау. Тіркеу куәліктерінің мақсаты	Ошибка! Закладка не определена.
1.5-тарау. Құжатты басқару.....	Ошибка! Закладка не определена.
1.6-тарау. Терминдер, анықтамалар және қысқарған сөздер.....	Ошибка! Закладка не определена.
2-бөлім. Қойма және ондағы деректерді жариялау үшін жауапкершілік .	Ошибка! Закладка не определена.
2.1-тарау Қойма	Ошибка! Закладка не определена.
2.2-тарау. Тіркеу куәліктері туралы ақпаратты қоймада жариялау	Ошибка! Закладка не определена.
2.3-тарау. Қоймадағы деректерді жаңарту кезеңділігі.....	Ошибка! Закладка не определена.
2.4-тарау. Қоймаға кіру рұқсатын бақылау.....	Ошибка! Закладка не определена.
3-бөлім. Сәйкестендіру және аутентификация	Ошибка! Закладка не определена.
3.1-тарау. Атауларға қойылатын талаптар	Ошибка! Закладка не определена.
3.2-тарау. Бастапқы сәйкестікті тексеру.....	Ошибка! Закладка не определена.
3.2.1. Қызмет көрсетілетін жеке тұлғалар үшін тіркеу куәлігін шығарған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау	Ошибка! Закладка не определена.
3.2.2. Технологиялық тіркеу куәлігін шығарған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау (КО қызметтік пайдаланушылар үшін)	Ошибка! Закладка не определена.
3.3-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін ауыстыруға сұрау салған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау	Ошибка! Закладка не определена.
3.4-тарау. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау	Ошибка! Закладка не определена.
3.4.1. Қызмет көрсетілетін жеке тұлғалар үшін тіркеу куәлігін кері қайтарып алған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау	Ошибка! Закладка не определена.
3.4.2. Технологиялық тіркеу куәлігін кері қайтарып алған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау (КО қызметтік пайдаланушылар үшін)	Ошибка! Закладка не определена.
4-бөлім. Тіркеу куәлігінің өмірлік цикліне қойылатын операциялық талаптар	Ошибка! Закладка не определена.
4.1-тарау. Тіркеу куәлігін беруге арналған өтінімдер	Ошибка! Закладка не определена.
4.2-тарау. Тіркеу куәлігін беруге өтінімдерді өңдеу	Ошибка! Закладка не определена.
4.3-тарау. Тіркеу куәліктерін шығару.....	Ошибка! Закладка не определена.
4.4-тарау. Тіркеу куәліктерін қабылдау	Ошибка! Закладка не определена.
4.5-тарау. Тіркеу куәліктерін және негізгі жұптарды пайдалану.....	Ошибка! Закладка не определена.
4.6-тарау. Тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімдерін жаңарту	Ошибка! Закладка не определена.
4.7-тарау. Тіркеу куәлігіндегі электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін ауыстыру ...	Ошибка! Закладка не определена.
4.8-тарау. Тіркеу куәлігінде көрсетілген мәліметтерді өзгерту	Ошибка! Закладка не определена.

4.9-тарау. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу және қолданысын тоқтата тұру **Ошибка! Закладка не определена.**

5-бөлім. Физикалық, операциялық және басқарушылық бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

5.1-тарау. Физикалық бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

5.2-тарау. Операциялық бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

5.3-тарау. Қызметкерлерді бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

5.4-тарау. Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын бақылауды хаттамалау және басқару процедурасы. **Ошибка! Закладка не определена.**

5.5-тарау. Архивті жүргізу **Ошибка! Закладка не определена.**

5.6-тарау. Сертификаттау орталығының электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін ауыстыру **Ошибка! Закладка не определена.**

5.7-тарау. Компрометация немесе іркілістер жағдайында жұмыс істеуді қалпына келтіру **Ошибка! Закладка не определена.**

5.8-тарау. Куәландырушы орталықтың жұмысын тоқтату **Ошибка! Закладка не определена.**

6-бөлім. Қауіпсіздікті техникалық бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

6.1-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның негізгі жұптарын дайындау және орнату **Ошибка! Закладка не определена.**

6.2-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін қорғау және аппараттық криптографиялық модульдерді инженерлік бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

6.3-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін басқарудың басқа да ерекшеліктері **Ошибка! Закладка не определена.**

6.4-тарау. Активациялау деректері **Ошибка! Закладка не определена.**

6.5-тарау. Есептеу ресурстарының қауіпсіздігін бақылау **Ошибка! Закладка не определена.**

7-бөлім. Тіркеу куәліктерінің, кері қайтарылған тіркеу куәліктері тізімдерінің және тіркеу куәліктерінің мәртебесін онлайн режимінде тексеру хаттамасы сервисінің бейіндері **Ошибка! Закладка не определена.**

7.1-тарау. Тіркеу куәліктерінің бейіндері **Ошибка! Закладка не определена.**

7.2-тарау. Кері қайтарылған тіркеу куәліктері тізімінің бейіні **Ошибка! Закладка не определена.**

7.3-тарау. Тіркеу куәліктерінің мәртебесін онлайн режимінде тексеру хаттамасы сервисінің бейіні **Ошибка! Закладка не определена.**

8-бөлім. Қызметті тексеру **Ошибка! Закладка не определена.**

9-бөлім. Тарификация және жауапкершілік мәселелері **Ошибка! Закладка не определена.**

9.1-тарау. Тарифтер **Ошибка! Закладка не определена.**

9.2-тарау. Жауапкершілік **Ошибка! Закладка не определена.**

9.3-тарау. Конфиденциалдылық **Ошибка! Закладка не определена.**

9.4-тарау. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылардың дербес деректерін қорғау **Ошибка! Закладка не определена.**

9.5-тарау. Зияткерлік меншік құқықтары **Ошибка! Закладка не определена.**

9.6-тарау. Кепілдіктер мен растаулар **Ошибка! Закладка не определена.**

9.7-тарау. Кепілдіктен бас тарту **Ошибка! Закладка не определена.**

9.8-тарау. Жауапкершілікті шектеу **Ошибка! Закладка не определена.**

9.9-тарау. Өтемақы **Ошибка! Закладка не определена.**

9.10-тарау. Күшіне енуі және қолданысын тоқтату **Ошибка! Закладка не определена.**

9.11-тарау. Хабарламалар және қатысушылармен байланыс **Ошибка! Закладка не определена.**

9.12-бөлім. Өзгерістер мен толықтырулар **Ошибка! Закладка не определена.**

9.13-тарау. Дауларды шешу **Ошибка! Закладка не определена.**

9.14-тарау. Юрисдикция **Ошибка! Закладка не определена.**

10-бөлім. Өзге мәселелер **Ошибка! Закладка не определена.**

10.1-тарау. Қолдану талаптары **Ошибка! Закладка не определена.**

10.2-тарау. Меншік құқықтарының жекелеген аспектілері..... **Ошибка! Закладка не определена.**

10.3-тарау. Қорытынды қағидалар **Ошибка! Закладка не определена.**

1-бөлім КІРІСПЕ

1.1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ куәландырушы орталығының (бұдан әрі – Куәландырушы орталық) тіркеу куәліктерін қолдану саясаты (бұдан әрі – Тіркеу куәліктері саясаты) «Банк ЦентрКредит» АҚ куәландырушы орталығының жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері жөніндегі құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленген.

2. Тіркеу куәліктері саясаты RFC 3647 «Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate Policy and Certification Practices Framework» халықаралық салалық ұсынымдарын ескере отырып әзірленді (X.509 форматындағы ашық кілттер интернет инфрақұрылымындағы саясат құжаттары мен сертификаттар практикасының құрылымы)

3. 3. "Банк ЦентрКредит" АҚ Куәландырушы орталығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде "Банк ЦентрКредит" АҚ жеке тұлға клиенттеріне, соның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өз қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерге тіркеу куәліктерін беру бойынша қызмет көрсету үшін құрылған

1) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

2) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

4) куәландырушы орталықтарда электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау мәселелері жөніндегі құқықтық акт¹ (бұдан әрі – Бұлтты ЭЦҚ қағидалары);

5) электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру мәселелері бойынша құқықтық акт (бұдан әрі – ЭЦҚ тексеру қағидалары);²

6) куәландырушы орталықтардың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілігі мен жарамдылығын растау мәселелері бойынша құқықтық акт³ (бұдан әрі – Тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу қағидалары);

7) 1073–2007 ҚР СТ. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар (бұдан әрі – Стандарт).

4. Тіркеу куәліктерінің саясаты Куәландырушы орталық шығаратын тіркеу куәліктерінің түрлерін, ақпараттық қауіпсіздіктің үлгілік талаптарымен біріктірілген мүдделі ақпараттық жүйелерде олардың қолданылуының негізгі қағидаттары мен жалпы талаптарын айқындайды, бұл осы тіркеу куәліктерін пайдаланатын ақпараттық жүйелерде белгілі бір сенім деңгейіне кепілдік береді.

5. Тіркеу куәліктерінің саясаты Куәландырушы орталықтың егжей-тегжейлі жұмыс істеу, ашық кілттер инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі мен процедурасын айқындамайды, ол Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің және RFC 3647 халықаралық салалық ұсынымдарының талаптарына сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жеке ішкі нормативтік құжаты (бұдан әрі – Куәландырушы орталық қызметінің құжаты) ретінде бөлек жасалған.

6. Куәландырушы орталықтың сервистерін пайдаланатын ақпараттық жүйеге қатысушы тіркеу куәлігін беруге электрондық өтінім (өтініш) берген (қол қойған) сәттен бастап қатысушы оған қолданылатын Тіркеу куәліктері саясатының және Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінің талаптарын орындауға міндетті болады, оларға сілтеме электрондық өтінімде (өтініште) қамтылады.

Тіркеу куәліктері саясатын бекіткен күні келесі құжаттар қолданыста болды:

¹ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 95/НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістер ескерілген нұсқадағы Куәландырушы орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау ережесі;

² ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 316 бұйрығымен енгізілген өзгерістер есепке алынған нұсқадағы Электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру ережесі;

³ ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 115/НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістер есепке алынған нұсқадағы Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілігі мен жарамдылығын растау қағидалары.

7. Барлық тіркеу куәліктері, «Банк ЦентрКредит» АҚ клиенттері үшін Куәландырушы орталықпен шығарылатын, бірыңғай профильге ие және оны сәйкестендіретін жалпы белгісі бар – «keyUsage» кеңейтімінде «с0» мәні.

1.2-тарау. Құжаттың атауы және атрибуттары

8. Толық атауы – «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТІРКЕУ КУӘЛІКТЕРІН ҚОЛДАНУ САЯСАТЫ.

9. Объектінің сәйкестендіргіші - 1.2.398.3.24.1.1.1.

10. Құжаттың нұсқасы – 2.2.

11. Құжатты жариялауға арналған сервердің мекенжайы – <https://www.bcc.kz/product/pki/?tab=DPP>.

1.3-тарау. Ашық кілттер инфрақұрылымының қатысушылары

1.3.1. Сертификаттау орталығы

12. Сертификаттау орталығы – Тіркеу куәліктері саясаты контекстінде осы термин заңнамаға сәйкес аккредиттелген және Куәландырушы орталық қызметінің бекітілген регламентіне сәйкес әрекет ететін тіркеу куәліктерін шығаруға, қызмет көрсетуге және кері қайтарып алуға арналған бағдарламалық-аппараттық кешенді білдіреді.

13. Сертификаттау орталығы ашық кілттер инфрақұрылымының мынадай функцияларын жүзеге асырады:

1) тіркеу куәліктерін шығару және қайтарып алу туралы өтініштерді өңдеу;

2) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімін жариялау;

3) онлайн режимінде тіркеу куәлігінің мәртебесін тексеру хаттамасы қызметіне сұрау салуларды өңдеу;

4) уақыт белгісі хаттамасы қызметіне сұраныстарды өңдеу.

14. Сертификаттау орталығының тіркеу куәліктерінде таңбалануы:

C = KZ,

O = Bank CenterCredit JSC («Банк ЦентрКредит» АҚ),

CN=Certification Authority (Сертификаттау орталығы)

1.3.2. Тіркеу орталығы

15. Тіркеу орталығы – Тіркеу куәліктері саясаты контекстінде бұл термин өтініш берушілерді сәйкестендіруге және/немесе аутентификациялауға, тіркеу куәліктерін шығаруға және/немесе кері қайтарып алуға құжаттарды қалыптастыруға, тексеруге және қабылдауға және өтініш берушілерге дайын тіркеу куәліктерін беруге жауапты "Банк ЦентрКредит" АҚ ақпараттық жүйесін білдіреді.

1.3.3. Тіркеу куәлігін иесі

16. «Тіркеу куәлігін иеленуші» ұғымы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға» ретінде айқындалған.

17. Жоғарыда көрсетілген Заңда белгіленген анықтаманың ортақтығын шектемей, Тіркеу куәліктері саясатының контекстінде «тіркеу куәлігін иеленуші» термині «Банк ЦентрКредит» АҚ ақпараттық жүйелерін пайдаланатын кез келген жеке тұлғаны, сондай-ақ егер тіркеу куәлігін Куәландырушы орталықтың жұмыскерлері үшін Куәландырушы орталық шығарса, технологиялық тіркеу куәлігін иеленетін Куәландырушы орталықтың кез келген жұмыскерін білдіреді.

1.3.4. Сенім білдіруші тарап

18. Сенім білдіруші тарап – Тіркеу куәліктері саясатының контекстінде осы термин тіркеу куәлігін иеленушіні немесе «Банк ЦентрКредит» АҚ ақпараттық жүйелерінде Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін және/немесе түпнұсқалығы осы тіркеу куәліктерінің

көмегімен тексерілетін электрондық цифрлық қолтаңбалары бар электрондық құжаттарды пайдаланатын кез келген басқа жеке тұлғаны білдіреді.

1.4-тарау. Тіркеу куәліктерінің мақсаты

19. Куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін шығаруының мақсаты – «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа тиесілі ақпараттық жүйелердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

20. Бұл ретте Куәландырушы орталық өзі шығарған тіркеу куәліктерін жоғары деңгейдегі қауіптілік көздерін (ядролық, аэронавигациялық жабдықтарды, қару-жарақты бақылау жүйелерін және т.б.) басқаруға байланысты ақпараттық жүйелерде, сондай-ақ тіркеу куәлігіне негізделген сенім туралы шешім қабылдау кезіндегі қате жаралануға немесе өлімге әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайда өзге де ақпараттық жүйелерде пайдалануға тыйым салады.

21. Куәландырушы орталық берген тіркеу куәлігінің мақсаты электрондық цифрлық қолтаңбаның заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін растау болып табылады, бұл электрондық цифрлық қолтаңба кілттерінің жұбын пайдалану мақсатын айқындайды, оның ашығы тіркеу куәлігінде беріледі.

22. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәлігінің рұқсат етілген қолданылу саласы тіркеу куәлігін қолдану саясатының объектілік сәйкестендіргіштерін көрсетуге арналған «certificatePolicies» кеңейтуінің көмегімен қосымша шектелуі мүмкін.

23. «CertificatePolicies» кеңейтуінде саясаттың объектілік сәйкестендіргіштерінің болуы тіркеу куәліктерін пайдаланатын ақпараттық жүйелерге сәйкес келмейтін тіркеу куәліктерін қолдануды шектей отырып, саясаттың қажетті және тыйым салынған объектілік сәйкестендіргіштерін жинау жүйесімен бақылау нысанында қосымша қорғау мүмкіндігін береді.

24. Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тіркеу куәліктерінің саясатына, Куәландырушы орталық қызметінің регламентіне қайшы келетін тәсілдермен пайдалануға жол берілмейді.

25. Куәландырушы орталық олардың иелеріне берген тіркеу куәліктері сенім білдіруші тараптардың бағдарламалық қамтамасыз етуімен жұмыс істеу үшін пайдаланылады және Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің технологиялық тіркеу куәліктері ретінде пайдаланылмайды. Өз кезегінде Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің технологиялық тіркеу куәліктері олардың тікелей функционалдық мақсатынан басқа ешқандай өзге мақсаттар үшін пайдаланылмайды.

1.5-тарау. Құжатты басқару

26. Тіркеу куәліктерінің саясатын A05G1D2, Алматы қ., Панфилов көш., 98, Б блогы мекенжайында орналасқан Ақпаратты криптографиялық қорғау дирекциясы (Куәландырушы орталық) өзекті етеді.

27. Құжатты жаңарту мәселелері бойынша байланыс тұлғасы – Криптографиялық ақпаратты қорғау дирекциясының (Куәландырушы орталықтың) басшысы, A05G1D2, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98 үй, Б блогы, +7 (727) 2-598-583 (ішкі 12921), alexey.korobetskikh@bcc.kz.

28. Тіркеу куәліктері саясатына өзгеріс пен толықтыруды Куәландырушы орталық не құжаттың жаңа редакциясы нысанында, не оның ағымдағы редакциясына енгізілетін өзгеріс пен толықтыру тізбесі нысанында дайындайды.

29. Тіркеу куәліктері саясатына енгізілетін өзгеріс пен толықтыруды бекітер алдында елеусіз (мекенжайлар мен сілтемелерді, байланыс ақпаратын өзгерту, қателерді түзету және т.б.) қоспағанда, ішкі процедураларға сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ мүдделі бөлімшелерімен және лауазымды тұлғаларымен келісімге алынады.

30. Тіркеу куәліктері саясатына енгізілетін барлық өзгеріс пен толықтыру «Банк ЦентрКредит» АҚ ресми ақпараттық ресурсында Интернет желісінде мына мекенжай бойынша жарияланады: <https://www.bcc.kz/product/pki/?tab=DPP>.

31. Тіркеу куәліктері саясатының бекітілген жаңа редакциясын «Қолданыстағы процедуралар» бөлімінде жариялау Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерінің барлық

иеленушілері және барлық сенім білдіруші тарап үшін оның күшіне енгені туралы ресми хабарлама болып табылады.

32. Егер бекітуші шешімнің өтпелі ережелерінде өзгеше көзделмесе, Тіркеу куәліктері саясатының жаңа редакциясының күшіне енуі туралы ресми хабарланған күннен бастап өзгеріс пен толықтыру Куәландырушы орталық шығарған тіркеу куәліктерінің барлық иеленушісі мен барлық сенім білдірген тарап міндетті түрде қолдануы тиіс.

1.6-тарау. Терминдер, анықтамалар және қысқарған сөздер

33. «Куәландырушы орталық», «куәландырушы орталықты аккредиттеу», «тіркеу куәлігі», «тіркеу куәлігін иеленуші», «электрондық құжат», «электрондық құжат айналымы», «электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті», «электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті» терминдері Тіркеу куәліктерінің саясатында “Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы” Қазақстан Республикасы заңында белгіленген мәндерге сәйкес қолданылады.

34. «Сертификаттау орталығы», «Тіркеу орталығы», «сенім білдіруші тарап» терминдерінің мәні мен қолданылуы, сондай-ақ құжатта «тіркеу куәлігін иеленуші» терминін қолдану ерекшеліктері Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 1.3-тарауында келтірілген.

35. Тіркеу куәліктері саясатында қолданылатын басқа арнайы терминдер мынадай мағынада пайдаланылады:

Термин	Анықтама
Аппараттық криптографиялық модуль (Hardware Security Module)	Ақпаратты шифрлауға және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық және жабық кілттерін басқаруға арналған аппараттық криптографиялық модуль.
Аутентификация	Осы процесті іске асыратын процесс немесе қауіпсіздік сервисі, ол тұлға (зат) өзін кім деп атайтынын (ол немен аталғанын) тексеруге арналған.
Банк	«Банк ЦентрКредит» АҚ / АО «Банк ЦентрКредит»
Биометриялық аутентификация	Физиологиялық және өзгермейтін биологиялық белгілер негізінде тұлғаны сәйкестендіретін іс-шара кешені.
Активация деректері	Криптографиялық өзгерістерді орындау үшін қажетті және қорғауды талап ететін бүтін криптографиялық кілттерді қоспағанда, кез келген деректер: жеке сәйкестендіру нөмірлері (PIN), парольдік сөз тіркестері, бөлек криптографиялық кілттің компоненттері, биометриялық параметрлер және т.б.
Өтініш беруші	Тіркеу куәлігін беруге немесе кері қайтарып алуға құжаттарды тапсырған жеке тұлға
Сәйкестендіру	Жеке немесе заңды тұлғаның сәйкестігін анықтайтын процесс (немесе процестің нәтижесі) (осы тұлғаның нақты белгілі бір тұлға болып табылатынын көрсететін) және екі кезеңнен тұрады: • адам ұсынған аттың адамның нақты бар сәйкестендіргішіне сәйкестігін анықтау және • белгілі бір адамның атымен бір нәрсеге қол жеткізуге өтініш білдірген адамның шын мәнінде өзін таныстырған адам болып табылатындығын анықтау (аутентификация)
Ақпараттық жүйе	Ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық іс-әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық-реттелген жиынтығы
Ашық кілттер инфрақұрылымы	Ашық кілті бар криптожүйелер негізінде криптографиялық міндеттерді (аутентификациялау, шифрлау, тұтастығын бақылау және дәлелдеу) шешу үшін пайдаланылатын, көрсетілген міндеттерді шешетін ашық кілттерді басқаруды дербес қамтамасыз етуге қабілетті күштер мен құралдар (техникалық, материалдық, адамдық және т.б.), бөлінген қызметтер мен компоненттер жиынтығы

Термин	Анықтама
Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерінің компрометациялануы	Тіркеу куәлігін иеленушінің электрондық цифрлық қолтаңбаның нақты кілттері олардың көмегімен қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ететініне сенімін жоғалтуы
Көпфакторлы аутентификация	Өртүрлі параметрлердің комбинациясының көмегімен, оның ішінде парольдерді немесе аутентификациялық белгілерді (цифрлық сертификаттарды, токендерді, смарт-карталарды, бірреттік пароль генераторларын және биометриялық сәйкестендіру құралдарын) генерациялау және енгізу арқылы пайдаланушының түпнұсқалығын тексеру тәсілі
Бұлтты ЭЦҚ	Куәландырушы орталықтың HSM-інде электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін құруға, пайдалануға, сақтауға және жоюға мүмкіндік беретін куәландырушы орталықтың сервисі, онда иеленуші жабық кілтке қол жеткізуді кемінде екі аутентификациялау факторы арқылы қашықтан жүргізеді, олардың бірі биометрикалық болып табылады
Объект	электрондық құжат айналымы үшін жеке және заңды тұлғалар пайдаланатын алгоритм, ақпараттық жүйе, сондай-ақ басқа да элементтер
Объектінің идентификаторы	Объектіге байланысты және оны объектілердің әлемдік мекенжайлық кеңістігінде бірімәнді сәйкестендіретін бірегей сандар жиынтығы
Кері қайтарып алынған тіркеу куәлігі	Тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу қағидаларында белгіленген тәртіппен жойылған тіркеу куәлігі
Тіркеу куәліктерін қолдану саясаты	Куәландырушы орталық бекіткен, тіркеу куәліктерін басқару бөлігінде куәландырушы орталықтың жұмыс істеу регламентін және тетіктерін айқындайтын ішкі құжат
BCC қолданбасы	Жеке тұлғалар үшін қашықтан банктік қызмет көрсететін Банктің мобильді қолданбалары/цифрлық платформалары. Саясаттың ағымдағы нұсқасын бекіткен сәтте BCC қолданбаларына арналған тіркеу куәліктері саясатына bcc.kz және BCC Business мобильді қолданбалары жатады.
Уақыт белгілерінің хаттамасы	Белгілі бір уақыт сәтіне электрондық құжаттың болу фактісінің дәлелін жасауға мүмкіндік беретін криптографиялық хаттама
Куәландырушы орталық қызметінің регламенті	Куәландырушы орталықтың негізгі процестерін іске асыруды қоса алғанда, тіркеу куәліктерін қолдану саясатына сәйкес жүзеге асырылатын куәландырушы орталықтың негізгі қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын құжат
Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі	Қолданылуы тоқтатылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, кері қайтарып алу (жою) күні мен себебін қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бір бөлігі
Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылар	Бір инфрақұрылымдағы кез келген рөлді: тіркеу куәлігінің иеленушісінің рөлін немесе сенім білдіруші тараптың рөлін, сондай-ақ куәландырушы орталық пен тіркеу орталығының (орталықтарының) рөлін атқаратын жеке және заңды тұлғалардың жиынтығы

36. Тіркеу куәліктері саясатының мәтінінде мынадай қысқартулар қолданылады:

Қысқарту	Анықтамасы
DN	Ерекшелейтін аты (Distinguished Name)
HSM	Аппараттық криптографиялық модуль (Hardware Security Module)
LDAP	Каталогтарға жеңілдетілген қол жеткізу хаттамасы (Lightweight Directory Access Protocol)
OCSF	Онлайн режимінде тіркеу куәлігінің мәртебесін тексеру хаттамасы (Online Certificate Status Protocol)

Қысқарту	Анықтамасы
OID	Объектінің идентификаторы (Object Identifier)
TSP	Уақыт белгісінің хаттамасы (Time Stamp Protocol)
АКИ	Ашық кілттер инфрақұрылымы
АЖ	Ақпараттық жүйе
КҚТКТ	Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі
КО	«Банк ЦентрКредит» АҚ Куәландырушы орталығы
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба

2-бөлім ҚОЙМА ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

2.1-тарау. Қойма

37. КО жүктеу және танысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Тіркеу куәліктерінің саясаты <https://www.bcc.kz/product/pki/?tab=DPP;>
- 2) Куәландырушы орталықтың қызмет регламенті <https://www.bcc.kz/product/pki/?tab=DPP;>
- 3) КҚТКТ <https://uc.bcc.kz/cgi/crl;>
- 4) КО тіркеу куәліктері <https://www.bcc.kz/product/pki/?tab=KRSSOS.>

38. ВСС қолданбасы арқылы қолданбаны пайдаланушыларға, сондай-ақ тіркеу орталығының қызметкерлеріне мынадай КО сервистеріне сұрау салудың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі:

- 1) OSCP <https://bcc-app.bank.corp.centercredit.kz:62301/>
- 2) TSP <https://bcc-app.bank.corp.centercredit.kz:62302/>
- 3) Сертификаттау орталығы <https://bcc-app.bank.corp.centercredit.kz:62305/>
- 4) Тіркеу орталығы <https://bcc-app.bank.corp.centercredit.kz:62310/>

2.2-тарау. Тіркеу куәліктері туралы ақпаратты қоймада жариялау

39. АКИ әрбір қатысушысына сақтау орнында оның атына шығарылған тіркеу куәліктері, сондай-ақ КҚТКТ жарияланады.

2.3-тарау. Қоймадағы деректерді жаңарту кезеңділігі

40. Берілген тіркеу куәліктері мен КҚТКТ сақтау орнына енгізіледі және олардың қолданылуы басталған күннен кешіктірілмей жарияланады.

41. КҚТКТ жариялау кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің пайда болуына қарай жүргізіледі. Бұл ретте КҚТКТ жаңарту кезеңі 7 (жеті) күнтізбелік күннен аспайды.

42. Тіркеу куәлігінің мәртебесі туралы мәліметтер Тіркеу куәліктері саясатына сәйкес жарияланады.

2.4-тарау. Қоймаға кіру рұқсатын бақылау

43. Сақтау орнына қол жеткізу RFC 2251 (Lightweight Directory Access Protocol (v3) – Каталогтарға жеңілдетілген қол жеткізу хаттамасы (3-нұсқа) сәйкес LDAP бойынша жүзеге асырылады. КО сақтау орнына рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды жүзеге асырады.

44. Интернет желісіндегі Банктің ресми ақпараттық ресурсының КО бетінде жарияланатын мәліметтер АЖ қатысушыларына еркін қол жеткізу режимінде, «тек оқу үшін» құқығымен ұсынылады.

3-бөлім Сәйкестендіру және аутентификация

3.1-тарау. Атауларға қойылатын талаптар

45. КО X.509 ITU-T 3-нұсқасына және RFC 3280 «Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate and Certificate Revocation List Profile» ұсынымдарына сәйкес келетін тіркеу куәліктерін береді. Тіркеу куәлігі «Subject» тармағында X.520 ITU-T стандарты ұсынатын форматта DN болады.

Тіркеу куәлігінің DN оның иесін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін дербес деректерден тұрады. DN тіркеу куәлігін және тиісті жабық кілтті иеленушіні анықтайды, сондай-ақ тіркеу куәлігінің қолданылу саласын анықтауға мүмкіндік береді.

46. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

3.2-тарау. Бастапқы сәйкестікті тексеру

3.2.1. Қызмет көрсетілетін жеке тұлғалар үшін тіркеу куәлігін шығарған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау

47. Тіркеу куәлігін беруге электрондық өтінім берген кезде, қызмет көрсетілетін жеке тұлға Бұлтты ЭЦҚ қағидаларына сәйкес биометриялық аутентификацияны қоса алғанда, көпфакторлы аутентификациялау рәсімінен өтеді.

3.2.2. Технологиялық тіркеу куәлігін шығарған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау (КО қызметтік пайдаланушылар үшін)

48. Тіркеу куәлігін беруге өтінішті тіркеу алдында өтініш берушіні сәйкестендіру және аутентификациялау оның жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын, жеке басын куәландыратын, сондай-ақ Тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу қағидаларына сәйкес КО-мен жұмыс істеу мәселелерінде оған Банктің мүддесін білдіру құқығын беретін құжаттар бойынша жүргізіледі.

3.3-тарау. Электрондық цифрлық қолтанба кілттерін ауыстыруға сұрау салған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау

49. Электрондық өтінімді (өтінішті) өңдеу және ЭЦҚ кілттерін ауыстыру кезінде сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімдері 3.2-тарауда жазылған тіркеу куәлігін шығару туралы электрондық өтінімді (өтінішті) өңдеу кезінде сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімдеріне толық ұқсас.

3.4-тарау. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау

3.4.1. Қызмет көрсетілетін жеке тұлғалар үшін тіркеу куәлігін кері қайтарып алған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау

50. Қызмет көрсетілетін жеке тұлғалар үшін тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуға электрондық өтінім беру қашықтан қызмет көрсету арнасы (ВСС қолданбасы) арқылы жүзеге асырылады. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу процесінде өтініш беруші:

- 1) биометриялық аутентификация рәсімінен өтуге;
- 2) тіркеу куәлігіне сәйкес келетін ЭЦҚ жабық кілтінің құпия сөзін енгізуге және кері қайтарып алу себебін көрсетуге міндетті.

3.4.2. Технологиялық тіркеу куәлігін кері қайтарып алған кезде сәйкестендіру және аутентификациялау (КО қызметтік пайдаланушылар үшін)

51. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға арналған өтінішті тіркеу алдында өтініш берушіні сәйкестендіру және аутентификациялау оның жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын, жеке басын куәландыратын, сондай-ақ оған Тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу қағидаларына сәйкес КО-мен жұмыс істеу мәселелерінде Банктің мүддесін білдіруге құқық беретін құжаттар бойынша жүргізіледі.

4-бөлім. Тіркеу куәлігінің өмірлік цикліне қойылатын операциялық талаптар

4.1-тарау. Тіркеу куәлігін беруге өтінімдер

52. Әрбір тіркеу куәлігін шығаруға арналған электрондық өтінім (арыз) Тіркеу куәліктерінің саясатына және Куәландырушы орталықтың қызмет регламентіне сілтемені қамтиды және өтініш берушінің Тіркеу куәліктерінің саясатының принциптерін сақтау және талаптарын орындау,

сондай-ақ Куәландырушы орталықтың қызмет регламентін тіркеу куәлігінің иесіне және сенім білдіруші тарапқа қатысты бөлігінде орындау міндеттемесі болып табылады.

53. КО-ға қажетті тіркеу куәлігі иесінің және сенім білдіруші тараптың міндеттемелері Тіркеу куәліктері саясатының 9.6-бөлімінде баяндалған.

54. Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 4.1-бөліміне сәйкес өтініш берушілер ВСС қолданбалары арқылы тіркеу куәлігін шығаруға жүгінген кезде, тіркеу куәліктерін Куәландырушы орталық қағаз тасығыштағы құжаттар нысанында өтініштерді ресімдемей және ұсынбай, сондай-ақ Тіркеу куәліктерін шығару және кері қайтарып алу қағидаларында айқындалған ілеспе құжаттарсыз шығарады.

55. Тіркеу куәлігін беруге өтінімді беруге Қазақстан Республикасының ұлттық тізілімінде жеке сәйкестендіру нөмірі бар жеке тұлғалардың құқығы бар.

56. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.2-тарау. Тіркеу куәлігін беруге өтінімдерді өңдеу

57. Тіркеу куәлігін шығаруға электрондық өтінімді сақтау (өтінішті тіркеу) алдында 3.2-бөлімде баяндалған өтініш берушіні сәйкестендіру және аутентификациялау жүргізіледі.

58. Егер өтініш беруші тіркеу куәлігін шығаруға электрондық өтінім (өтініш) берген кезде сәйкестендіру және аутентификация процедурасынан сәтті өтпесе, яғни тіркеу куәлігін шығаруға өтініште көрсетілген ақпараттың дұрыстығын растайтын құжаттық дәлелдемелерді ұсынбаса, мұндай электрондық өтінім сақталмайды және қабылданбайды (мұндай өтініш тіркелмейді).

59. Толық ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде баяндалған.

4.3-тарау. Тіркеу куәліктерін шығару

60. Тіркеу куәлігін шығару кезінде КО Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 3.2-бөліміне сәйкес Тіркеу орталығы сәйкестендіру және аутентификациялау процедурасы барысында сәтті жүргізген және тексерген қашықтықтан бастапқы сәйкестікті тексеру нәтижелеріне және өтініштегі ақпаратқа негізделеді.

61. КО шығарған кез келген тіркеу куәлігі, автоматты түрде қоймада жарияланады.

62. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.4-тарау. Тіркеу куәліктерін қабылдау

63. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.5-тарау. Тіркеу куәліктерін және негізгі жұптарды пайдалану

64. КО берген тіркеу куәліктері ЭЦҚ тексеру үшін қолданылады.

65. Иеленушілердің КО шығарған тіркеу куәліктеріне сәйкес келетін жабық кілттер ЭЦҚ қалыптастыруға арналған.

66. КО HSM-де сақталатын тіркеу куәліктері иелерінің ЭЦҚ жабық кілттерін бұлтты ЭЦҚ қағидаларында белгіленген тәртіппен заңсыз қол жеткізуден және пайдаланудан қорғайды.

67. ЭЦҚ-ның жабық кілтін және тіркеу куәлігін тіркеу куәлігінің иесі және сенім білдіруші тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, шарттық міндеттемелерге (бар болса), Тіркеу куәліктерінің саясатына және Куәландырушы орталық қызметінің регламентіне сәйкес ғана пайдаланады.

68. Сенім туралы шешімді тексеру және қабылдау үшін КО шығарған тіркеу куәлігін негізге ала отырып, ЭЦҚ тексеру қағидаларын пайдалану қажет.

69. Сенім білдіруші тараптар тіркеу куәліктерін оларда көрсетілген мәліметтерге және Куәландырушы орталық қызметінің Регламентіне сәйкес қатаң пайдалануға тиіс. Тіркеу куәлігінде көрсетілген мәліметтерден басқа қосымша мәліметтер мен кепілдіктер алуды сенім білдіруші тараптар өз бетінше жүзеге асырады.

70. КО Банктің АЖ-да тіркелген жазбаша міндеттеме, электрондық құжат не өзге де келісім нысанында сенім білдіруші тараптың міндеттеріне қатысты бөлігінде Тіркеу куәліктері саясатының және

Куәландырушы орталық қызметінің регламентінің талаптарын орындауға міндеттеме алмаған тіркеу куәліктерін пайдаланатын тұлғалардың алдында жауап бермейді.

71. Егер сенім білдіруші тарап КО шығарған тіркеу куәлігіне сенімге негізделген кез келген актіні қабылдай отырып, Тіркеу куәліктері саясаты мен Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 4.5-бөлімдерінің шарттарын орындамаса, онда КО осындай актінің салдары үшін сенім білдіруші тараптың алдында жауапты болмайды.

72. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.6-тарау. Тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімдерін жаңарту

73. КО тіркеу куәліктерінің қолданыс мерзімдерін жаңарту қызметтерін ұсынбайды.

74. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.7-тарау. Тіркеу куәлігіндегі электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін ауыстыру

75. Кілттерді ауыстыру - ЭЦҚ-ның жаңа ашық кілтімен және қолданыстағы тіркеу куәлігінде көрсетілген басқа да деректерді өзгертпей қолданылуының жаңа мерзімдерімен тіркеу куәлігін шығару процедурасы. Бұл процедура ЭЦҚ-ның жаңа жабық кілтін және оған сәйкес келетін жаңа тіркеу куәлігін дайындауды білдіреді.

76. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.8-тарау. Тіркеу куәлігінде көрсетілген мәліметті өзгерту

77. Тіркеу куәліктерінде көрсетілген мәліметтерді өзгерту қызметтерін КО ұсынбайды.

78. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

4.9-тарау. Тіркеу куәлігін қайтарып алу және қолданысын тоқтата тұру

79. КО шығарған тіркеу куәліктері КО-ның өзінде ғана кері қайтарылады.

80. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға өтінімді қалыптастырған кезде өтініш берушіні сәйкестендіру және аутентификациялау процедурасы Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 3.4-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалады.

81. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға өтініштер мен электрондық өтінімдер бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өңделеді.

82. Банктің АКИ кез келген қатысушысы тіркеу куәліктерінің мәртебесін тексеру үшін OSCP немесе КҚТКТ сервисін пайдаланады. OSCP және КҚТКТ қызметінің мекенжайлары туралы ақпарат әрбір шығарылған тіркеу куәлігінде көрсетілген.

83. КҚТКТ, олар АКИ барлық қатысушыларының кері қайтарып алынатын тіркеу куәліктерін қамтитындай мағынада бірыңғай болып табылады: КО, Тіркеу орталықтары және тіркеу куәліктерінің иелері.

84. КҚТКТ сертификаттау орталығының ЭЦҚ-мен куәландырылады. КҚТКТ-ға қол жеткізу, жоспарлы профилактикалық жұмыстар уақытын қоспағанда, тәулік бойы және үздіксіз қамтамасыз етіледі.

85. КО тіркеу куәліктерінің қолданылуын уақытша тоқтата тұру қызметтерін көрсетпейді.

86. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5-бөлім. Физикалық, операциялық және басқарушылық бақылау

5.1-тарау. Физикалық бақылау

87. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.2-тарау. Операциялық бақылау

88. КО ақпараттық қауіпсіздік шараларын:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына;

- 2) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына;
- 3) Банк жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қамтамасыз етеді.
- 89. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.3-тарау. Қызметкерлерді бақылау

- 90. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.4-тарау. Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын бақылауды хаттамалау және басқару процедурасы

- 91. КО мынадай оқиғаларды хаттамалауды қамтамасыз етеді:

- 1) тіркеу куәлігін шығаруға сұрау салу;
- 2) тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға сұрау салу;
- 3) бұлтты ЭЦҚ-ның ЭЦҚ жабық кілтін қалыптастыру;
- 4) бұлтты ЭЦҚ-ның ЭЦҚ жабық кілтін пайдалану;
- 5) бұлтты ЭЦҚ-ның ЭЦҚ жабық кілтін жою (өшіру).

92. ЭЦҚ жабық кілттері және оларды активациялау деректері бақылау хаттамаларына жазуға жатпайды.

- 93. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.5-тарау. Архивті жүргізу

- 94. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.6-тарау. Сертификаттау орталығының электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін ауыстыру

95. КО өзінің негізгі жұптарын және тіркеу куәліктерін олардың қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты немесе олар жария болған жағдайда ауыстырады.

- 96. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.7-тарау. Компрометация немесе іркілістер жағдайында жұмыс істеуді қалпына келтіру

- 97. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

5.8-тарау. Куәландырушы орталықтың жұмысын тоқтату

- 98. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

6-бөлім. Қауіпсіздікті техникалық бақылау

6.1-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның негізгі жұптарын дайындау және орнату

99. КО МЕМСТ 34.310-2004 алгоритмінің талаптарына сәйкес келетін барлық ЭЦҚ кілттерін шығарады.

100. КО-ға тіркеу куәлігін шығаруға электрондық өтінім беретін кез келген өтінім беруші осымен өзінің ЭЦҚ жабық кілттерін құруға, сақтауға және пайдалануға өзінің келісімін беретінін растайды. Электрондық өтінімнің нысаны көрсетілген келісім туралы белгіні қамтиды.

- 101. Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

6.2-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін қорғау және аппараттық криптографиялық модульдерді инженерлік бақылау

102. Сертификаттау орталығының жабық кілттері екінші деңгейден төмен емес деңгей бойынша Стандартқа сәйкестігі сертификатталған HSM-де құрылады.

103.Банктің АЖ пайдаланушылардың - тіркеу куәліктерін иеленушілердің жабық кілттері Стандартқа сәйкестігі бойынша үшінші деңгейден төмен емес деңгейде сертификатталған HSM-де құрылады.

104.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

6.3-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін басқарудың басқа да ерекшеліктері

105.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

6.4-тарау. Активациялау деректері

106.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

6.5-тарау. Есептеу ресурстарының қауіпсіздігін бақылау

107.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

7-бөлім. Тіркеу куәліктерінің, кері қайтарылған тіркеу куәліктері тізімдерінің және тіркеу куәліктерінің мәртебесін онлайн режимінде тексеру хаттамасы сервисінің бейіндері

7.1-тарау. Тіркеу куәліктерінің бейіндері

108.Сертификаттау орталығы ITU-T X.509 нұсқасының 3-нұсқасына сәйкес келетін тіркеу куәліктерін береді.

109.Сертификаттау орталығы криптографиялық алгоритмдерді сәйкестендіру үшін Қазақстан Республикасының OID пайдаланады <https://root.gov.kz/oid/>.

110.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

7.2-тарау. Кері қайтарылған тіркеу куәліктері тізімінің бейіні

111.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

7.3-тарау. Тіркеу куәліктерінің мәртебесін онлайн режимінде тексеру хаттамасы сервисінің бейіні

112.Толығырақ ақпарат Куәландырушы орталықтың қызмет регламентінде көрсетілген.

8-бөлім. Қызметті тексеру

113.Ішкі нормативтік құжаттардың, негізгі жабдықтың және деректерді өңдеу орталықтарының сәйкестігі аккредиттеу процесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган тарапынан тұрақты тексерулерге ұшырайды.

9-бөлім. Тарификация және жауапкершілік мәселелері

9.1-тарау. Тарифтер

114.КО қызметтері тарифтелмейді және ақы төленбейді.

9.2-тарау. Жауапкершілік

115.КО қызмет көрсететін АКИ қатысушыларының жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген⁴.

⁴ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 640-бап.

9.3-тарау. Конфиденциалдылық

116.КО шығаратын тіркеу куәліктері және олардың мәртебесі туралы ақпарат конфиденциалды ақпарат болып табылмайды және қарастырылмайды.

9.4-тарау. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылардың дербес деректерін қорғау

117.Тіркеу куәлігінің кез келген иесі КО-ға тіркеу куәлігін шығаруға электрондық өтінім (өтініш) бере отырып, ол өтінімдегі (өтінімдегі) өзі туралы ақпаратты көпшілікке қолжетімді етіп орналастыруға өз келісімін беретінін растайды. Тіркеу куәлігін шығаруға арналған электрондық өтінім (өтініш) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасына сәйкес оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін растайды.

9.5-тарау. Зияткерлік меншік құқығы

118.КО тіркеу куәліктерінің иелеріне және сенім білдіруші тараптарға олардың деректерінің толықтығы мен тұтастығы шарттарын сақтай отырып, айрықша емес тегін негізде КО шығарған тіркеу куәліктерінің көшірмесін жасауға және таратуға тыйым салмайды.

119.Тіркеу куәліктерінің иелері тіркеу куәліктерінде көрсетілген есімдер мен сауда маркаларына өздерінің барлық құқықтарын сақтайды.

9.6-тарау. Кепілдіктер мен растаулар

120.Тіркеу куәлігінің әрбір иесі келесі қамтамасыз етеді:

1) иесі қабылдаған және пайдалану кезінде жарамды (мерзімі өтпеген және қайтарып алынбаған) КО шығарған, оған тиісті тіркеу куәлігі бар өзінің ЭЦҚ жабық кілтін ғана пайдалану;

2) өзінің ЭЦҚ жабық кілттерін жандандыру деректерін кез келген басқа адамдардың қол жеткізуінен қорғау;

3) Тіркеу орталығына және Банктің басқа да мүдделі АЖ-не тіркеу куәліктерін шығару үшін ұсынылатын өзі туралы мәліметтердің шынайылығы;

4) өзі үшін шығарылған тіркеу куәлігіндегі өзі туралы мәліметтердің дұрыстығын оны қабылдау алдында тексеру;

5) қандай да бір тіркеу куәліктеріне, КҚТКТ, ЭЦҚ ашық кілті куәліктерінің кез келген басқа форматына немесе оның мәртебесі туралы ақпаратқа қол қою мақсатында өзінің ЭЦҚ жабық кілтін пайдаланбау

121.Әрбір сенім білдіруші тарап КО шығарған тіркеу куәліктерін пайдалану кезінде Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 4.5-бөлімінің ережелеріне сәйкес тіркеу куәлігі және оның иесі туралы объективті ақпараттың жеткілікті көлеміне сүйенетін негізделген шешімдерді ғана қабылдауды қамтамасыз етеді.

9.7-тарау. Кепілдіктен бас тарту

122.КО тіркеу куәліктерінің иелері мен сенім білдіруші тараптардың алдында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері жөніндегі заңнамасында белгіленген және Тіркеу куәліктері саясаты жариялаған кепілдіктерден басқа, тауарлық жарамдылық пен сәйкестік кепілдіктерін қоса алғанда, банк қызметтерін көрсету талаптарынан туындайтын қосымша кепілдіктерді алмайды.

9.8-тарау. Жауапкершілікті шектеу

123.КО, Тіркеу орталықтарының, тіркеу куәліктері иелерінің және сенім білдіруші тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген.

9.9-тарау. Өтемақы

124.Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде тіркеу куәліктері иелерінің шотына өтемақыға байланысты шығыстар:

1) тіркеу куәлігін шығаруға немесе кері қайтарып алуға арналған электрондық өтінімде (өтініште) қате, жаңылыстыратын немесе көрінеу жалған ақпарат берілген;

2) тіркеу куәлігін шығаруға немесе кері қайтарып алуға арналған электрондық өтінімде (өтініште) көрсетілуге тиіс елеулі фактілерді әдейі емес немесе қасақана жасыру;

3) ЭЦҚ-ның жария болуына ұшырауына немесе рұқсатсыз пайдаланылуына ықпал ететін өзінің жабық кілтін жандандыру деректерін қорғау шараларын қолданбау;

4) өзінің DN құрамында үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын атауларды пайдалану.

125.Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде сенім білдіруші тараптардың шотына өтемақыға байланысты шығыстар:

1) сенім білдіруші тараптың міндеттемелерін бұзғаны үшін жіберілген тіркеу куәлігіне негізсіз сенім;

2) тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін және мәртебесін айқындау мақсатында оны тексеру жөнінде шаралар қолданбаған (қайтарып алынған/қайтарып алынбаған) жағдайларда тоқтатылады.

9.10-тарау. Күшіне енуі және қолданысын тоқтату

126.Тіркеу куәліктерінің саясаты және оған барлық өзгерістер мен толықтырулар Банктің Интернет желісіндегі ресми ресурсында жарияланған күнінен ерте күшіне енбейді.

127.Тіркеу куәліктерінің саясаты оған жарияланған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Банктің Интернет желісіндегі ресми ресурсында өзінің жаңа редакциясы жарияланған сәтке дейін күшін сақтайды.

128.Тіркеу куәліктерінің саясаты жойылған жағдайда, КО шығарған тіркеу куәліктерін пайдаланатын АЖ қатысушылары тіркеу куәліктерінің қолданыс кезеңі аяқталғанға дейін оның соңғы қолданыстағы нұсқасының талаптарына байланысты болып қалады.

129.Тіркеу куәліктері иесінің:

1) қызмет көрсетуді көздейтін қолданыстағы шартты (шарттарды) бұзып;

2) барлық қолданыстағы тіркеу куәліктерін олардың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін кері қайтарып ала отырып КО-да өзінің қызмет көрсетуін мерзімінен бұрын тоқтатуға бастамашылық ету мүмкіндігі бар.

130.Нақты иеленушінің барлық тіркеу куәліктерінің қолданыс мерзімі аяқталған күннен бастап 1 жылдан кейін оның КО-да қызмет көрсетуі автоматты түрде тоқтатылады.

9.11-тарау. Хабарламалар және қатысушылармен байланыс

131.АКИ қатысушылары: КО, Тіркеу орталықтары, тіркеу куәліктерінің иелері және сенім білдіруші тараптар - егер тараптар арасындағы келісімде өзгеше белгіленбесе, өзара іс-қимыл мәніне, коммуникацияның маңыздылығы мен шұғылдығына сәйкес келетін кез келген орынды арналарды бір-бірімен байланыс үшін пайдаланады.

9.12.-бөлім. Өзгерістер мен толықтырулар

132.Тіркеу куәліктері саясатына елеусіз өзгерістер (мекенжайлар мен сілтемелерді, байланыс ақпаратын өзгерту, қателерді түзету және т.б.) АКИ-ға қатысушыларды алдын ала хабардар етпей енгізіледі. Өзгеріс пен толықтырудың маңыздылық деңгейі (елеулі немесе маңызды емес) туралы шешімді КО өз бетінше қабылдайды.

133.Тіркеу куәліктері саясатына енгізілген елеулі өзгеріс пен толықтыруды КО алдын ала жоба нысанында, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында жарияланған өзгерістерде өзгеше көзделмесе, әдетте күшіне енетін күннен кемінде 14 күнтізбелік күн бұрын <https://www.bcc.kz/product/pki/?tab=DPP> мекенжайы бойынша Интернет желісінде Банктің ресми ақпараттық ресурсында жариялайды.

9.13-тарау. Дауларды шешу

134.АКИ қатысушылары арасындағы Тіркеу куәліктері саясатының мәні бойынша даулар: тіркеу куәліктерінің иелері мен сенім білдіруші тараптар арасында, сондай-ақ тіркеу куәлігінің иесі немесе сенім білдіруші тарап арасында, бір жақтан, және КО немесе Тіркеу орталығы арасында, екінші жақтан, - сотқа дейінгі тәртіппен шешіледі.

135.Егер дау сотқа дейінгі тәртіппен шешілмесе, онда ол сот тәртібімен шешілуге жатады.

9.14-тарау. Юрисдикция

136.Тіркеу куәліктері саясатының мәні бойынша келіспеушіліктер нысаны болып табылатын дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

10-бөлім. Өзге мәселелер

10.1-тарау. Қолдану талаптары

137.Егер Тіркеу куәліктері саясаты ережелерінің бір бөлігін сот немесе уәкілетті мемлекеттік орган қолданбайды деп таныған жағдайда, олардың қалған бөлігі күшін сақтайды.

10.2-тарау. Меншік құқықтарының жекелеген аспектілері

138.КО шығарған кез келген тіркеу куәлігі және ондағы ЭЦҚ ашық кілті Банктің меншігі болып табылады. Бұл ретте Куәландырушы орталық қызметі регламентінің 4.4-бөлімінде жазылған тәртіппен оның атына шығарылған тіркеу куәлігін қабылдаған өтініш берушіге осы тіркеу куәлігін және ЭЦҚ-ның ашық кілтін автоматты түрде иелену құқығы беріледі.

139. Сенім білдіруші тараптарға олар КО-да жарияланған сәттен бастап кез келген тіркеу куәлігін және онда қамтылған ЭЦҚ ашық кілтін пайдалану құқығы автоматты түрде беріледі.

140.КО шығарған тіркеу куәлігіне сәйкес келетін ЭЦҚ жабық кілті осы тіркеу куәлігі иесінің меншігі болып табылады.

10.3-тарау. Қорытынды қағидалар

141.Тіркеу куәліктері саясатының талаптарын оларға қатысты бөлігінде АКИ-дың барлық қатысушылары орындауға міндетті.

142.КО-мен бірлесіп әрекет ететін Банктің бөлімшелері:

- 1) Тіркеу куәліктері саясатында жазылған талаптарды сақтау үшін;
- 2) өз өкілеттіктері аясында атқаратын функцияларының толықтығы мен уақытылығы үшін жауап береді.

143.Тіркеу куәліктері саясатымен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында, өзге де нормативтік құжаттарда және Банктің уәкілетті органдарының шешімдерінде белгіленген тәртіппен шешіледі.

144.Тіркеу куәліктері саясаты қажеттілігіне қарай қайта қаралуға тиіс. Тіркеу куәліктері саясатын қайта қарау және жаңарту үшін жауапты бөлімше Банктің Ақпаратты криптографиялық қорғау дирекциясы болып табылады.

Ақпаратты криптографиялық қорғау дирекциясы

